

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы: «Ұлттық бұйым»
(Түс киіз)

Орындаған Аскарова

2022 жыл

Тұс киіз, түс киіз — бөлме қабырғасын сәндеуге арналған қазақ халқының ұлттық жиһазы.

Көбінесе төсектің тұсына ұсталатын болғандықтан «тұс киіз» аталған. Ол киізге кестелі барқыт, оюлы мата жауып, мейлінше әшекейленіп жасалады. Шеті түрлі түсті жіппен өрнектеліп, кестеленген бір түсті матамен (барқыт, мәуіті, шұға, т.б.) көмкеріледі. Ортасына үйлесімді мата (жібек, мақпал, т.б.) салып киізбен астарлайды. Кейде ақ киізге қызыл, сары, көк түсті ою жапсырылады. Ертеректе оның қызыл былғарыны күміспен әшекейлеп жасаған түрі де болған. Тұс киіздің кестесі көбіне біртұтас бірнеше өрнектің (мүйіз, гүл, жапырақ, шырмауық, түйе табан, алқа) үйлескен желісін жасау арқылы түрлі түсті жіппен тігіледі.

